

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 ақпандағы № 64 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 4 қарашадағы № 1155 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтауға 2010 жылға арналған республикалық бюджеттен бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 ақпандағы № 64 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 9, 112-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтауға 2010 жылға арналған республикалық бюджеттен бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесінде:

6 және 8-тармақтардағы «гепатиттерімен ауыратын балаларды,» деген сөздерден кейін «қызметтік міндеттерін орындау аурудың басқа адамдарға берілу қаупімен байланысты медицина қызметкерлерін, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру ұйымдарында білім алушыларды,» деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген Ережеге 2-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2010 жылғы 4 қарашадағы

№ 1155 қаулысына қосымша

Ережеге 2-қосымша

**Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға 2010 жылы берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын пайдалану бағыттары**

мың теңгемен

--	--	--	--	--	--	--	--

Р/с №	Өңірлердің атауы	Аудандық және қалалық емханаларды жарактандыру	Жедел медициналық жәрдем қызметін жарактандыру	Туберкулезге қарсы мекемелерді жарактандыру	Балалар мен босандыру ұйымдарын жарактандыру	Қалалық және облыстық ауруханаларды жарактандыру	Онкологиялық ұйымдарды жарактандыру	Магнитті-резонанс томографпен және компьютерлік томографтармен жарактандыру
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.	Ақмола облысы	117 100	75 580	-	122 711	-	70 658	633 550
2.	Ақтөбе облысы	116 214	-	7710	183 585	97 006	-	-
3.	Алматы облысы	117 100	75 580	-	202 742	116 720	106 087	-
4.	Атырау облысы	117 100	-	-	196 550	89 610	-	-
5.	Шығыс Қазақстан облысы	117 100	-	-	302 718	96 616	-	-
6.	Жамбыл облысы	117 100	75 580	81 350	135 779	44 600	-	128 750
7.	Батыс Қазақстан облысы	117 100	-	-	98 872	79 410	438 015	-
8.	Қарағанды облысы	319 245	64 783	-	313 462	172 853	246 170	378 000
9.	Қостанай облысы	117 100	-	178 400	159 299	93 404	19 570	-
10.	Қызылорда облысы	-	-	-	23 189	-	-	844 250
11.	Маңғыстау облысы	92 200	-	-	348 256	28 740	-	504 898
12.	Павлодар облысы	117 100	-	89 200	146 069	45 000	-	128 750
13.	Солтүстік Қазақстан облысы	116 940	-	143 233	131 232	126 518	122 220	-
14.	Оңтүстік Қазақстан облысы	117 100	75 580	521 810	272 607	106 654	15 100	-
15.	Алматы қаласы	44 600	-	159 480	150 500	172 424	-	-
16.	Астана қаласы	32 700	240 400	3 590	203 604	69 920	-	-
	Жиыны:	1 775 799	607 503	1 184 773	2 991 175	1 339 475	1 017 820	2 618 198

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК